

ӘОЖ 35.074
ҒТАХР 78.15

**МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ЖҮЙЕСІН БАҒАЛАУ**

**ОЦЕНКА СИСТЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ И ПОВЫШЕНИЕ
КВАЛИФИКАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ**

**EVALUATION OF THE SYSTEM OF PROFESSIONAL TRAINING AND INCREASE
QUALIFICATION OF THE CIVIL SERVANTS**

Г.С. СМАГУЛОВА, М.Т. АМАНДЫКОВА
Г.С. СМАГУЛОВА, М.Т. АМАНДЫКОВА
G.S. SMAGULOVA, M.T. AMANDYKOVA

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.)
(Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы)
(al-Farabi Kazakh National university, Almaty)
E-mail: marjan_mari_94@mail.ru

Мақалада мемлекеттік қызметшілерді оқыту мен біліктілігін арттырудың жай-күйіне мониторинг жасаудың негізгі көрсеткіштері анықталып, мемлекеттік қызметшілердің біліктілік деңгейіне талдау мен бағалау жасалған. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту бір жүйеге негізделіп жүргізілгенімен, дамыған елдерге бәсекелестік тугыза алмайды. Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің оқыту үрдісінде өтетін дәрістердің жаңа технологиялар мен әлемдік өзгерістерге бейімделуі қажет екені дәлелденген. Осыған байланысты, орын алған бірқатар мәселелер анықталып, олардың шешу жолдары ұсынылды.

В статье изложены основные показатели мониторинга состояния подготовки и повышения квалификации государственных служащих, а также был проведен анализ и оценка квалификации государственных служащих. Обучение государственных служащих может быть основано на одной системе, но не может конкурировать с развитыми странами. А также выявлено, что государственные служащие должны быть адаптированы в процессе обучения к новым технологиям и глобальным изменениям. В связи с этим был определен ряд вопросов и представлены пути их решения.

The article outlines the main indicators of monitoring training and professional qualification of civil servants and, also analyzed and evaluated the qualifications of civil servants. Training of civil servants can be based on a one system but can't compete with developed countries. And, also revealed that civil servants should be adapted in the learning process to the new technologies and global changes. In this regard, many issues were identified, and ways of their solution were presented.

Негізгі сөздер: мемлекеттік қызметші, оқыту, даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы.

Ключевые слова: государственный служащий, обучение, подготовка, переподготовка, повышение квалификации, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан.

Keywords: civil servant, education, training, retraining, advanced training, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan.

Кіріспе

Бүгінде еліміздегі мемлекеттік қызметшілерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру үдерістері жаңа әлемдегі болып жатқан жаңа өзгерістерге байланысты қайта қарауды қажетсінеді.

Мемлекеттің күші – оның қызметшілерінде, олардың елді көтерудегі, оны заманауи, қауіпсіз етудегі қабілеттіліктері мен ықылас-тарында. Экономикалық қайта құрылымдардың, демек, қоғамдағы әлеуметтік-саяси тұрақтылық нәтижелілігі ауқымды түрде алғанда нақ мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне, олардың бастамашылдығына, ең бастысы, еліміз таңдаған бағытқа берілгендігіне тікелей тәуелді. Сондықтан елдегі білікті мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру мен оларды басқару жүйесін тиімді ету - заман талабы.

Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға және қоғамға қызмет көрсетуге мемлекеттік қызметшілерді бағыттайтын мемлекет басшысының саясаттық жігерінің арқасында Қазақстан мемлекеттік қызмет саласында көшбасшы болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және жергілікті құрылымдардың тиімді жұмыс сапасын жоғарылату үшін, қабілетті, кәсіби дайындалған мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр. Осы орайда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдаған «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында былай деп атап көрсетті: «Жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты кадрлар арқылы нығайтылуға тиіс. Бұл үшін біз: Басқарушылық ресурсын жетілдіруге тиіспіз, әрі бұл үшін бізде резервтер бар» [1]. Демек, мемлекеттік қызмет персоналын кәсібилендіру қазіргі уақытта Қазақстан үшін маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Лауазымына сәйкес, аттестаттаудан өтетін мемлекеттік қызметшілерге өз білімін үнемі жетілдіріп отыру керек. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту - мемлекеттік органдардың сұраныстары мен мемлекеттік қызметшілердің өздерінің мүдделеріне сәйкес жүзеге асырылатын, мемлекеттік қызметтегі жұмыс үшін білімді, дағдыларды, шеберлікті меңгеруді мақсатты, жүйелі және жоспарлы түрде ұйымдастыру процесі [2].

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту мем-

лекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды қамтиды.

1. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша академиялық және ғылыми дәреже алуға арналған оқу процесі.

2. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау – қосымша кәсіби білім алуға арналған оқу курстары.

3. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру – олардың құзыретін жетілдіруге арналған оқыту семинарлары [2].

Білім берудің қалыптасқан жүйесі, біріншіден, мемлекеттік қызметшілерді олардың кәсіби қызметінің бастапқы кезеңінде қайта даярлауды жүзеге асырады. Бұл мемлекеттік қызметке олардың кірісу сәтінен немесе басшылық лауазымға тағайындалуынан алты айдан кешікпей орындалады. Екіншіден, біліктілікті көтеру барлық әкімшілік қызметшілер үшін үш жылда жүргізіледі [3].

Зерттеу нысаны мен әдістері

Жұмыстың зерттеу нысаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі болып табылады. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық талдау әдістері таңдалған.

Нәтижелері және оларды талқылау


Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктіліктерін көтеру — бұл мемлекеттік қызметтің адами капиталын дамытудың түйінді элементі. «100 нақты қадам – Ұлт жоспарының» 9-қадамы мемлекеттік қызметшілерге жүйелі және сапалы білім беруді құруды білдіреді. Бүгінгі күні ол ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясын (МБА) және мемлекеттік қызметшілерге жергілікті жерде білім берудің қажетті элементі ретінде өңірлік оқыту орталықтарын (ӨОО) біріктіреді [3].

1-суретте көрсетілгендей, 2015 жылы жалпы 33423 мемлекеттік қызметші қайта даярлау курстарынан өткен және біліктілігін арттырған. Оның ішінде, 4628 мемлекеттік қызметші - қайта даярлаудан өтті. Олардың 462-сы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білім алса, қалған 4166 мемлекеттік қызметші 14 өңірде орналасқан ӨОО-нан өтті.

Біліктілігін арттырушы мемлекеттік қызметшілер саны – 28795 құрады. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясында 1991 мемлекеттік қызметші

біліктілігін арттырған. Ал, еліміздегі өңірлік оқыту орталықтарында 11677 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырыпты. Қалған

15127 мемлекеттік қызметші – басқа білім беру ұйымдарында біліктілігін көтерген.



Сурет 1–2015 жылғы ҚР-дағы мемлекеттік қызметшілердің оқу көрсеткіші
Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілерді оқыту:

- Біліктілігін арттыру семинарларында оқытын мемлекеттік қызметшілер: 1500-ден аса, олардың ішінде 232 – қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша; қайта даярлау курстарында оқытын мемлекеттік қызметшілер: 800-ден аса;

- әрбір 10-шы түлек саяси лауазымға немесе оған теңестірілген лауазымға орналасты;

- шамамен 30% түлектер лауазымында жоғарылайды;

- академияның Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебінің 16 тыңдаушысы Дьюк Университетінің дипломын алды;

- 122 тыңдаушы АҚШ, Австрия, Голландия, Ұлыбритания, Франция және

Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарында халықаралық тағылымдамадан өтті.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында барлығы 2468 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырды, 824 мемлекеттік қызметші орталық мемлекеттік органдардан, 1644 – жергілікті атқарушы органдардан, оның ішінде, 204 мемлекеттік қызметші қашықтан оқыту жүйесі бойынша оқыды.

Академияда 447 мемлекеттік қызметші қайта даярлаудан өтті, оның ішінде басшы лауазымға тағайындалғандар – 212, алғаш қабылданғандар – 235. Сондай-ақ, Академияда қайта даярлаудан өткен 447 мемлекеттік қызметшінің 215 – орталық мемлекеттік органдардан, 232 – жергілікті атқарушы органдардан болды (кесте1).

Кесте 1 – 2016 ж ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында мемлекеттік қызметшілерді оқыту

МБА	Қайта даярлаудан өту, қызметшілер саны		Біліктілігін арттыру, қызметшілер саны	
Мемлекеттік қызметші	447		2468	
	орталық мемлекеттік органдардан	жергілікті атқарушы органдардан	орталық мемлекеттік органдардан	жергілікті атқарушы органдардан
Мемлекеттік қызметші	215	232	824	1644

Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған

2016 жылы Академияда 67 семинар - біліктілікті арттыру мәселесі бойынша, 4 семинар - қашықтан оқыту жүйесі бойынша,

10 курс - қайта даярлау мәселесі бойынша өткізілді [4].



Сурет 2 – 2016ж Мемлекеттік басқару академиясындағы тыңдалған дәрістер көрсеткіші
Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған

2-суретте МБА-да тыңдалған дәрістер көрсеткіші бейнеленген. Ең көп тыңдалған дәрісті – жергілікті мемлекеттік басқару мен мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызметтің заңға сүйенген аспектілері 18% құрап отыр. Мұның себебі, жергілікті атқарушы органдардағы мемлекеттік қызметшілер санының көптігімен түсіндіріледі. Ал, аз тыңдалған дәріс – ұлттық экономика 5% ғана құрап отыр.

Мемлекеттік қызметшілерді ӨОО қайта даярлау және біліктілігін арттыру.

Өңірлік оқыту орталығының негізгі міндеті оның құрылған 2005 жылғы сәтінен орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері мен жергілікті мемлекеттік ор-

гандардың мемлекеттік қызметшілерінің кәсіби деңгейін көтеруге жол ашатын сапалы ағартушылық қызмет көрсетумен тұжырымдалады.

2-кестеде көрсетілгендей, 2016ж ӨОО-да 645 оқыту семинарлары болды, оның ішінде 170 – қайта даярлау курстары, онда 4 484 мемлекеттік қызметші оқытылды, сондай-ақ, 475 – біліктілікті арттыру курстарында 12 936 мемлекеттік қызметші оқытылды. Барлығы ӨОО-да 2016 жылы 17 420 мемлекеттік қызметші оқытылды. Сонымен қатар, есеп беру кезеңінде Агенттікке келісуге 53 білім беру ұйымдарынан барлығы 318 білім беру бағдарламалары келіп түсті, оның ішінде 181-і келісілді, 137 – түзетуге жолданды [5].

Кесте 2 – 2016 ж өңірлік оқыту орталықтарында мемлекеттік қызметшілерді оқыту

Өңірлік оқыту орталықтары	Қайта даярлаудан өту, қызметшілер саны	Біліктілігін арттыру, қызметшілер саны
Мемлекеттік қызметші	4484	12936
Барлығы	17420	
Ескерту: [5] әдебиет негізінде автор құрастырған		

ӨОО негізінен жергілікті органдардың мемлекеттік қызметшілері білім алудан өткен. Орталық атқарушы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінен мемлекеттік қызметшілердің саны өсе түскенін атап көрсетуге болады.

Мәселен, 2014 жылы олар 26,3% құраса, 2015 жылы 36,9 %-ға жетті, ал 2016 жылы білім алып шыққандар санына шаққанда ғана 25,2% көрсетуде.

ӨОО-да оқу процесінде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының типтік бағдарламалары негізінде жасалған жаңа білім беру бағдарламаларын және өңірлік ерекшеліктерді ескеріп жасалған бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады. Яғни білім беру мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жүйесінің нәтижелеріне, сондай-ақ мемлекеттік органдарда менеджментті дамытудың басымдық бағыттарына негізделген.

Қорытынды

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту және біліктілігін арттыру жүйесін талдау нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды: біріншіден, мемлекеттік қызметшілерді оқыту бір жүйеге негізделіп жүргізілуде, алайда, дамыған елдерге бәсекелестік туғыза алмайды, екіншіден, мемлекеттік қызмет саласындағы теориялық және практикалық білім жүйелі түрде жаңарып жатқанын ескеру керек, үшіншіден, мемлекеттік қызметшілер оқыту үрдісінде өтетін дәрістердің жаңа технологиялар мен әлемдегі өзгерістерге бейімделуі қажет деп есептейміз.

Аталған мәселелерді шешу үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесінде бағыт және білім беретін орталық ретінде Мемлекеттік басқару академиясының

рөлін күшейту;

- өңірлік оқыту орталықтарының мәртебесін анықтау;
- білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды күшейту;
- мемлекеттік қызметшілерді тәжірибеге бағыттап оқытуды күшейту;
- мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша сарапшылар базасын құру;
- шетелдік тәжірибені меңгеру;
- материалдық-техникалық базаны жетілдіру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы – //«Егемен Қазақстан» қоғамдық-саяси газеті. – 2012, 14 желтоқсан. – Астана. –126.
2. «Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығы – <http://adilet.zan.kz/kaz>. Әділет АҚЖ ресми сайты [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртіптемесі – <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000152> (айналым мерзімі: 29.12.2015).
3. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту — кәсібилендіру қадамы– //«Ақтөбе» облыстық қоғамдық-саяси газеті.–2016, 10 қазан. –Ақтөбе. –26.
4. ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының ресми сайты [Электронды ресурс] – <http://pa-academy.kz/>. Қол жеткізу тәртіптемесі – <http://pa-academy.kz/index.php?lang=kz&Itemid=134>(айналым мерзімі: 20.12.2016).
5. Сымбат Исрапулова. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту атты мақала – <http://bignews.kz>. Bignews.kz жаңалықтар порталының ресми сайты [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртіптемесі – <http://bignews.kz/news/3409-memlekett-k-ymetsh-lerd-o-ytu.html> (айналым мерзімі: 02.11.2017).